

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік Саясаттың Ұлттық Мектебі

қолжазба құқығында

Қуандық Алтынай Қуандыққызы

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ
ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04119 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін
иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Р.А. Исмаилова
экономика ғылымдарының
докторы, профессор

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2023 жыл

МСҮМ директоры: _____ М.Н. Абдыкаликова

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ	6
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ	8
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ	9
1. Ағымдағы жағдайды талдау.....	9
2. Интервью нәтижелері, мемлекеттік сатып алуларға талдау.....	21
3. Халықаралық тәжірибені талдау	27
ҚОРЫТЫНДЫ	32
«Кейбір заңнама актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасына және Мемлекеттік сатып алу веб-порталының функционалын жетілдіруга қатысты салыстырмалы кесте.....	39
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	41

Нормативтік-құқықтық сілтемелер

Магистрлік жобада төмендегі құқықтық-нормативтік актілерге сілтемелер қолданылды:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Мемлекеттік сатып алу туралы №434-V Заңы.

ҚР ҚМ 11 желтоқсан 2015 жылғы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №648 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының 5 шілде 2014 жылғы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы №235-V Кодексі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы 30 қараша 2015 жылғы №598 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы №521 бұйрығы.

ҚР ҚМ 2022 жылғы 18 қаңтардағы №46 Рейтингітік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 28 желтоқсан 2015 жылғы Мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану қағидаларын және Мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмысында техникалық іркілістер туындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы №692 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 17 қаңтар 2022 жылғы Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы №44 бұйрығы.

Белгілеулер мен қысқартулар

РБЖ	Рейтингтік-балдық жүйе
ҚР	Қазақстан Республикасы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ОТӨ	Отандық тауар өндірушілер
АБІ	Алдын ала біліктілікті іріктеу
ҚҚС	Қосымша құн салығы
ҚМ	Қаржы министрлігі
КВГА	Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
ДВГА	Ішкі мемлекеттік аудит департаменті
ӘРПК	Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі
ҚРСЖҚІА	Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
Атамекен	Атамекен Қазақстан Республикасының Ұлттық
ҚР ҰКП	кәсіпкерлер палатасы
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
«Қазақтелеком»	«Қазақтелеком»
АҚ	акционерлік қоғамы
«Қазпошта» АҚ	«Қазпошта» акционерлік қоғамы
ЖСҚ	Жобалау-сметалық құжаттама
ТЖҚ	Тауарлар мен жұмыстар және қызметтер

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

- бюджеттік өтінімдегі тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге белгіленген бағалардың нарықтық бағаларға бейімделмеуінен тәжірибеде негізсіз төмендетілген немесе жоғарылатылған бағалардың орын алуы. Тапсырыс берушінің бюджеттік өтінімде бекітілген бағаларды өзгерту құқығының болмауынан сатып алулардың өтпеді деп танылуы салдарынан бюджет қаражатының уақытылы игерілмеуі;

- бір көзден сатып алуды жүргізудің күрделі рәсімі ауылдық округ әкімдерінің жауапкершілікке тартылуына әкелуде;

- конкурс тәсілімен сатып алу рәсімдерінің ұзақтығы мен күрделілігі - қаражаттың уақытылы игерілуіне кедергі туғызуда;

- мемлекеттік сатып алуды іске асыруда жергілікті қоғамдастықтың қатысу тетігінің болмауы - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттырады;

- адами фактордың ықпалын азайту мақсатында сатып алудың барлық рәсімдерін автоматтандыру.

Зерттеу объектісі: Мемлекеттік сатып алудың қолданыстағы жүйесі.

Зерттеу пәні: Мемлекеттік сатып алу жүйесінің проблемалық мәселелері.

Зерттеу мақсаты - сатып алу тәсілдерін қоса алғанда, жоспарлау процестерін жетілдіру, рәсімдік мәселелер мен шешім қабылдау процесіне жергілікті қоғамдастықты тарту арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының (бұдан әрі - ЖӨБО) мемлекеттік сатып алу жүйесіне жаңа тәсілдерді әзірлеу.

Күтілетін нәтиже – бағаларды қалыптастыру әдістемесін, бір көзден және конкурспен мемлекеттік сатып алу тәртібін, шарттар жасасу талаптарын жетілдіру, жергілікті қоғамдастыққа өкілеттіліктер беру.

Магистрлік жоба аясында «Ашық Үкімет және жаңа басқару мәдениеті: есту, түсіну, әрекет ету» тақырыбында өткен конференция аясында «Мемлекеттік сатып алудың бірт көзден алу және конкурс тәсілі механизмдерін жетілдіру жолдары» тақырыбында жарияланады.

Әдебиетке шолу

Ғалымдар мемлекеттік сатып алуды және олардың жергілікті өзін-өзі басқарумен байланысын белсенді түрде зерттеуді жалғастыруда, оның ішінде соңғы жылдары мемлекеттік сатып алуларды қозғаған келесі жұмыстарды атап көрсетуге болады.

Т.Красноселова, Е.Антоновская, А.Кузьмин өз зерттеулерінде муниципальды сатып алуларда салаға жауапты мамандардың жүйелі түрде біліктілігін арттырып отыру, қатысатын тұлғалардың тек электронды түрдегі ғана өзара ықпалдастығы, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында ай сайынғы ақпарат жаңарту, сатып алуды жоспарлау мен болжалдау процестерін мейлінше жетілдіру, бюджет қаржысын үнемдеу мақсатында бір типті сатып алуларды біріктіріп өткізу, негізсіз шағым жасау жағдайларын тудырғаны үшін процесс қатысушыларына жауапкершілікті белгілеу, сатып алуларды жариялау барысындағы ақпарат нақтылығына талдау және жергілікті өнім берушілерге заң жүзінде жеңілдіктерді беру қажеттілігін айтады [15].

Өз ретінде, Е.Попова сатып алудың тиімді жүйесі үшін мемлекеттік сатып алу жоспарлары мен сатып алуларды өткізу уақытына қатысты сапаны қамтамасыз етуді, ашықтық үшін барлық сатып алуларды бірыңғай платформада іске асыруды, барлық процестер бойынша есептілікті географиялық аймақтар бойынша толыққанды орналастыруды, ашық стандарттарды, яғни жалпыға қолжетімді техникалық ерекшеліктерді жасақтауды, олардың ашықтығына қатысты бағалауды «жұлдызшалар» беру арқылы жүргізуді, мәліметтер ашықтығына қатысты жүйелі мониторинг жүйесін енгізуді, сатып алу қорытындылары бойынша есептілік қалыптастырып, оның негізділігін нақтылауды ұсынады.

Жоғарыда айтылған жариялылық және адал бәсекенің маңыздылығын көрсеткен авторлар пікірін Д.Стиглиц те нақтылап, жария және бәсекеге қабілетті сатып алу процестері тауарлар мен қызметтердің бағасы мен сапасының ең жақсы арақатынасына қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігін, сонымен қатар бюджет қаражатын тиімді пайдалануға ықпал ететіндігін атап көрсеткен.

Мұнымен бірге, ол мемлекеттік сатып алуда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық пара, монополиялық келісімдер және ашық емес рәсімдерді қоса алғанда, жосықсыз тәжірибелерге әкелуі мүмкін екенін, бұл мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне теріс әсер ететіндігін көрсеткен [17].

Л.Давлятина, А.Захарова еңбектерінде де сатып алудың ашықтығы мен ашықтығына, барлық жеткізушілерге тең және әділ көзқарасты ұстану - бюджет қаражатын тиімді пайдалану тетігі ретінде айтылады.

Өз диссертациялық зерттеуінде Н.Ефремова мемлекеттік сатып алудың тиімділігін бағалауда қаражатты тиімді жұмсау әдістемесін немесе канадалық оңтайлы құн әдістемесін қолдануды ұсынады.

Бұл тәжірибелер сөзсіз назар аударуға тұрарлық болғанымен, мемлекеттік сатып алуды өткізудің отандық тәжірибесінің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет.

Дегенмен, тәжірибеде кәсіпкерлерге қатысты қаржылық тұрақтылық көрсеткіші секілді ақпараттың ашықтығына қатысты сұрақтар аз еместігі бұл теориялардың өміршеңдігін растап отыр.

Д.Корсунов та муниципалды сатып алуда қоғамдық бақылау тетіктерін толықтыру мен қолдану, оның ішінде муниципалдық қажеттіліктер үшін сатып алуды жүргізуде краудсорсинг әдістерін ұсынады [16].

Аталған пікір ЖӨБО сатып алуларындағы жоспарланып отырған тұрғылықты тұрғындардан құрылатын Кеңестің ролін айқындауда үйлесім тауып отыр.

С.Адушеі өз зерттеуінде уәкілетті органдардың мүдделі тараптардың: жауапты тұлғалардың, қатысушы кәсіпкерлердің құзыреттілігі мен әлеуетін дамытуға көмектесетін арнайы оқу бағдарламаларын жасақтауын, саладағы мониторингті жүйелі түрде жүргізуді ұсынады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу аясында келесі әдістер қолданылды:

- қолданыстағы мемлекеттік сатып алу саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге контент-талдау: мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілер, яғни мемлекеттік сатып алу туралы Заңы мен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары нормаларының талаптары зерделеніп, ондағы проблемалық мәселелерді оңтайландыруға мүмкіндік беретін нормаларға өзгерістер енгізу тұрғысынан зерделеу жұмыстары жүргізіліп, ұсыныс шеңберінде салыстырмалы кесте әзірленді;

- халықаралық тәжірибені зерделеу үшін салыстырмалы талдау: кез келген саланы зерделеуде халықаралық тәжірибенің оң қорытындыларына жүгіну көзделеді, дегенмен бұл әрбір мемлекеттің, онда тұратын халықтың ерекшелігі ескеріліп жүзеге асырылуы тиіс. Бұл Литва мемлекетінің Вильнюс қаласында өткен шетелдік тағылымдама барысында да сарапшылармен нақтыланды. Он жылдан аса уақытын Еуроодаққа кіруге жұмсаған бұл мемлекет ең жоғарғы көрсеткіштерге ие шетелдік тәжірибенің өзін кез келген мемлекетке қондыра салуға келмейтінін атап көрсетіп отыр;

- проблемалық мәселелерді нақтылау және оларды шешу жолдарын айқындау үшін эксперттік интервью: мемлекеттік сатып алу саласына қатысты тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, өнім беруші, ішкі мемлекеттік аудит органдары, кәсіпкерлер палатасы секілді тараптардың өкілдерін қамтып, зерттеу тақырыбында көрсетілген тұжырымдар мен ұсыныстарды нақтылау мақсатында жүргізілді;

- қойылып отырған сұрақтарға талдау жүргізу үшін кейс-study: көптеген пікірлер мен көзқарастардың, проблеманы айқындау мен олардың шешу жолдарының тәжірибеде кездесетін жағдаяттардың орын алуымен тікелей байланысты екендігі белгілі. Сондықтан, зерттеушінің практик болуы маңызды деген ойдамын. Өз тәжірибесінде көріп, оның маңыздылығын түсініп, шешу жолдарын еркін ұсына алу үшін орын алатын кейстерден мысал келтіре алу мол тәжірибені талап етеді.

Бірақ, салада проблемамен жұмыстан көрі, алдын алу шаралары, жаңашылдықты енгізу шараларын көбірек көру қажеттілігі сезіледі.

Ағымдағы жағдайды талдау

Жыл сайын қолданыстағы мемлекеттік сатып алу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп [1], жетілдіру шаралары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Дегенмен, проблемалық мәселелер аз емес.

Осыдан болса керек, Мемлекет басшысының 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты жолдауында мемлекеттік сатып алудың жаңа жүйесі жасалып, бағаның төмендігі ғана емес, тауарлар және қызметтердің сапасы бірінші кезекте болып, мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алулардың бірыңғай платформада жасақталуы үшін мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заңнама қабылдау қажеттілігін атап көрсетті [2].

Жаңа Заңдылықта қойылатын талаптар барынша қысқартылып, рәсімдік нормаларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көздеу жоспарлануда.

Мұнымен бірге, Ел Президентінің 16 наурыз 2022 жылғы «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» Жолдауында ЖӨБО үшін мемлекеттік сатып алулар тәртібін мейлінше жеңілдету, бюрократияны, формализмді жоюға маңызды қадам жасап, Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесе осы айтылғанды іске асыруды пысықтауды ЖӨБО туралы заңнамада қарастыру туралы тапсырмасына [2] сәйкес ЖӨБО мемлекеттік сатып алу ережелері жасақталуда.

Зерттеу аясында қолданыстағы мемлекеттік сатып алу механизмдерінде кездесетін бірқатар проблемалық мәселелер негізделе келе, оларды шешу жолдарын ұсыну арқылы ЖӨБО мемлекеттік сатып алу жүйесінің тетіктері қарастырылды.

Бұл ретте, проблемалық сұрақтар екі бағытта қарастырылады:

- нормативтік-құқықтық актілер талаптарын негізділігі мен қолданылуы тұрғысынан қайта қарастыру;
- мемлекеттік сатып алу веб-порталының (*бұдан әрі – веб-портал*) функционалын жетілдіру.

Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар және олардың үлесі бар ұйымдардың тауарлар мен жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді бюджет қаражатына толықтай немесе ішінара сатып алуы екені белгілі.

Бұл электронды сатып алу процесі жаппай қолжетімділіктегі веб-порталда жүзеге асырылып, оған кез келген кәсіпкер қатысушы ретінде тіркеле алады.

Бүгінгі күнге, жүйеге тапсырыс беруші мәртебесінде тіркелген 27 234 қатысушының:

- 14 595-і мемлекеттік мекемелер;
- 6 430-ы мемлекеттік кәсіпорындар;
- 4 313-і акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер;
- 1 896-ы өзге де құрылымдағы ұйымдар.

Тіркелген 420 881 өнім берушінің:

- 5 827-і мемлекеттік кәсіпорындар;
- 131 216-ы акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер;
- 267 576-ы шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер;
- қалған 16 262-і өзге ұйымдар.

Қолданыстағы мемлекеттік сатып алу процесін жалпы алғанда, үш бөлікке бөліп қарастыруға болады:

- Жоспарлау кезеңі;
- Мемлекеттік сатып алу процедуралары;
- Шарттық міндеттемелер және оған ақы төлеу.

Мемлекеттік сатып алуларды жоспарлау әрбір бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік өтінімді дайындау кезеңінен басталады [3]. Келесі қаржы жылының бюджеттік өтінімін беру осы жылдың мамыр айында жүзеге асырылады. Бюджет әзірлеу кезеңіндегі шығыстарды, яғни базалық және жаңа бастамалар шығыстарына бөлінетін қаржы көлемін негіздеу мемлекеттік сатып алу заңнамасымен айқындалған бағамен жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, веб-порталда орналасқан тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтердің бағалар дерекқоры бар.

Онда көрсетілген тауарға, жұмысқа, көрсетілетін қызметке орташа бағадан аспайтын бағаналар дерекқоры басшылыққа алынады.

Бағаналар дерекқорында ақпарат жоқ болса, жоспарланып отырған шығыстар шарттардың көшірмелері, прайс-парақтар, коммерциялық ұсынымдар секілді құжаттармен негізделеді.

Дегенмен, өткен жылдың мамыр айындағы жоспарлы баға ағымдағы жылғы нарықтағы бағадан төмен болса, оны өзгерту қолданыстағы бюджет және (немесе) мемлекеттік сатып алу заңдылығымен реттелмеген.

Бұл жағдайда тәжірибеде тапсырыс беруші тәуекелге барып, тауардың санын азайту жолымен сатып алудың сомасын көбейтеді не қайтадан бюджеттік өтінім беріп, келесі сессия шешімін күтуге мәжбүр болады, сәйкесінше бөлінген қаржының уақытылы игерілмеу қаупі бар әрі бұл әрекеттің екеуі де заңдылықта айқындалмаған.


Дербес бюджетті қалыптастыру ЖӨБО мемлекеттік сатып алу жүйесіне тиімді тәсілдерді қамтамасыз ету қажеттілігін туғызып отыр.

Яғни, мемлекеттік сатып алуды жоспарлау кезеңінде бюджеттік өтінімдегі тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге бағалардың нарықтық бағаларға бейімделмеуі проблемасы бар, бұл негізсіз жоғары және төмен бағаларға әкеледі.

Себебі, веб-порталдағы бағалар модулі жұмыс істемейді, баға парақтары әдетте тәжірибеде тегін берілмегендіктен, жаппай қолжетімділіктегі интернет желісінен табылған жоғары баға басшылыққа алынады не былтырғы жылғы өзекті емес баға негізге алынады.

Нәтижесімен, 2022 жылы ҚРСЖҚІА және Атамекен ҚР ҰКП-ның ынтымақтастығы шеңберінде "бірыңғай сатып алу терезесі" талдау жүйесін пайдалана отырып, сатып алулардың бағалық комплаенс барысында жоспарлау сатысында 29 млрд теңге сомасына бағаны көтеру фактілері анықталды [4].

Мұндай фактілер анықталған кезде сатып алудың күші жойылады және бюджет қаражаты бюджетке қайтарылады.



Кесте 1 - 2022 жылы жоспарлы бағаның төмендігіне байланысты өтпеді деп танылған сатып алуларға талдау

Ескертпе – Автормен [5] қайнаркөз негізінде жасақталған

Ал, төмен бағаға жоспарлау нарықта тиісті баға қымбаттауы салдарынан жарияланған сатып алулардың қатысуға үміткерлердің жоқтығы себебінен өтпеуіне әкеледі (Сурет 1).

Сурет 1 көрсетілгендей, тапсырыс берушіге мәслихат сессиясында бекітілген бағаларды дербес өзгертуге өкілеттік заңдылықта берілмегендігі себепті, 2022 жылы жарияланған (*тұрғын үй сатып алуды есепке алғанда*) сатып алулардың 35,8%-ы бағаның қымбаттауына байланысты өтпеді деп танылған.

Сондықтан, бекітілген бюджеттік өтінімдегі бағаларды нарықтағы бағаларға бейімдеу тетіктері қажет.

Жалпы, 2022 жылы 2 млн. сатып алу жарияланған. Бұл көрсеткіштің 2020 жылмен салыстырғанда 594 мыңға азаюы пандемияға байланысты сатып алынатын қажеттіліктердің артуымен түсіндіріледі.

2020 жылы барлық сатып алулардың басым бөлігін, яғни 73%-н (1 911 191) бір көзден сатып алулар құраса, 2022 жылы басымдық бәсекелес ортада қткізілетін баға ұсынысын сұрату тәсілінде болып, 62% (1 251 576) сатып алу осы тәсілмен өткізілді (Кесте 1).

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген өзгерістерге сәйкес бір көзден табиғи монополия субъектілерінің қызметтерін, авторлық құқық рәсімделген тауарлар мен қызметтерді, уәкілеттіліктері заңдылықпен айқындалған тұлғалардан сатып алуларда, кент пен ауылдардың үш мың еселенген (2023 жылы – 10 350 мың) АЕК-ге дейінгі сатып алуларын іске асыру көзделген.

Кесте 1 –Мемлекеттік сатып алуларға талдау


Сатып алу тәсілдері	2020		2021		2022	
	саны	үлесі, %	саны	үлесі, %	саны	үлесі, %
1	2	3	4	5	6	7
Тікелей шарт жасау арқылы бір көзден алу	1 911 191	73,3	1 505 654	59,5	541 416	26,9
Баға ұсынысын сұрату	608 913	23,3	899 513	35,6	1 251 576	62,2
Конкурс	82 304	3,2	116 495	4,6	210 647	10,5
Аукцион	2 264	0,1	2 837	0,1	2 205	0,1
Тауар биржары	2 254	0,1	5 103	0,2	6 717	0,3
Барлығы	2 606 926	100	2 529 602	100	2 012 561	100
Ескертпе – Автормен [5] қайнаркөз негізінде жасақталған						

2017 жылдан бері жемқорлық көріністерін тудыратын фактор ретінде тікелей бір көзден алудың 12 тармағы қысқартылғанымен, тәжірибеде көптеген тапсырыс берушілердің аталған тәсілді сапалы тауар, жұмыс және қызметті алудың тиімді тәсілі ретінде бағалайтындығы (эксперттік интервью қорытындысы) айтылды.

Дегенмен, заңнамада көзделген тікелей бір көзден тек өзге тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүргізу міндеттілігі туралы норманың енгізілуі бұл көрсеткіштің Кесте 1 көрсетілгендей, азаюына әкелгенімен, бюджет қаражатын уақытылы игеру бойынша қиындықтар туғызып, жауапкершілікке тарту жағдайларының артуына әкелді.

Себебі, заңнамада айрықша жағдайлардың және (немесе) бір көзден алу әдісін таңдауды негіздеудің критерийлері мен талаптары, мұндай жағдайлардың сипаттамасы немесе тізбесі белгіленбеген.

Веб-порталдың бірінші бетіндегі «ФЛБ» (ФЛК - форматты-логикалық бақылау) бөлігіндегі тізбесіне бірқатар заңнама нормаларына сәйкес бір көзден шарт жасасуға болатын әлеуетті өнім берушілер енгізілгенімен, бұл да заңдылықта айрықша жағдай ретінде белгіленбеген (Кесте 2).




Сурет 2 – Веб-порталдың ФЛБ орналасу құрылымы

Ескертпе – Автормен [5] қайнаркөз негізінде жасақталған

Сәйкесінше, бұл норманы әр түрлі түсіну жағдайлары орын алды.

Тиісінше, 2022 жылы Қызылорда облысында 526 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 437 қызметкер бір көзден таңдаудың негізсіздігі үшін айыппұл (әрбір мемлекеттік сатып алу пәні үшін - 100 АЕК:) төледі (Сурет 3).



Сурет 3 - 2022 жылы әкімшілік жауапкершілікке тартылу көрсеткіштеріне талдау

Ескертпе – Автормен [6] қайнаркөз негізінде жасақталған

Мұнымен бірге, Қызылорда облыстық Әдеп жөніндегі кеңесте прокуратура органдарының бір көзден алу негізділігі жоқтығы көрсетілген тексеру қорытындысы негізінде облыстың төрт ауданының 36 ауылдық округ әкімінің тәртіптік істері қаралды.

Нәтижесімен 8 кент, ауылдық округ әкіміне мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтары үшін тәртіптік жазалар қолданылды.

Бұл жағдай бір көзден алуды таңдау критерийлерінің жоқтығы себебінен тәжірибеде:

- заңдылық нормаларын әртүрлі түсіну мен түсіндіру;
- заңнаманы дербес пайыммен қолдану мен іске асыру фактілерін тудырып отырғандығының көрінісі болғандықтан, аталған тәсілді қолдануға қатысты ЖӨБО мемлекеттік сатып алуын көздейтін заңнама нормаларына өзгеріс енгізуді қажет етіп отыр.

Бұдан бөлек, тікелей бір көзден алу көрсеткіші азайғанымен, бәсекелестік ортада жарияланған сатып алулар өтпегендіктен бір көзден алу екі еседей артқан (Кесте 2).

Кесте 2 – Бір көзден алынған мемлекеттік сатып алуларға талдау

Түрі	2020		2021		2022		2023 ж. 4 айы	
	саны	үлесі, %	саны	үлесі, %	саны	үлесі, %	саны	үлесі, %
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Тікелей бір көзден алу	1 911 191	85	1 505 654	79	541 416	43,6	316 415	47
Сатып алу өтпегендіктен бір көзден алу	335 020	15	396 730	21	699 820	56,4	357185	53
Барлығы	2 246 211	100	1 902 384	100	1 241 236	100	673 600	100

Ескертпе – Автормен [5] қайнаркөз негізінде жасақталған

Бұл бірқатар тауарлар мен жұмыстар және қызметтер нарығында бәсекелестік аз екендігін көрсетті. Мысалы:

- барлық тапсырыс берушілермен сатып алынатын телефон, яғни байланыс қызметі табиғи монополия тізбесінен шығарылып тасталғанымен, көптеген аудан және ауылдарға «Қазақтелеком» АҚ-нан басқа бұл қызметті жеткізетін кәсіпкерлер жоқ. Оған себеп, Кеңес Одағы кезеңінен бастап, телефон желілерінің барлық шет аймақтарға бір желімен жеткізілуі әрі телефон канализациясы бойынша аталған мекеменің табиғи монополия субъектісі болып табылуы [7].

- мерзімді басылымдарға жазылу қызметі бәсекелестік ортаға шығарылғанымен, бұл қызметпен айналысатын кәсіпкерлер аз, барлық дерлік аймақтарда «Қазпошта» АҚ-ы пошта саласындағы уәкілетті орган ретінде жүзеге асырады [8].

Мұндай мысалдарды кәсіби спорт тауарлары, мүгедектерге арналған арнайы техникалық құралдар мен санаториялық-курорттық ем, улы қалдықтарды тасымалдау мен жоюға қатысты мемлекеттік сатып алуларға да қатысты келтіруге болады.

Яғни, бәсекелестік орта деп сатып алулардың басым бөлігі баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілгенімен, аталған сатып алу тәсілі бойынша бес жұмыс күні ішінде, яғни қысқа мерзімде, комиссиясыз жедел түрде жеңімпаз анықталғанымен, оны анықтаудың басты критерийі – баға, сәйкесінше, сапа зардап шегетіндігін ескеру қажет.

Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, бірқатар салаларда бәсекелестік ортаның жоқтығы себепті, бір көзден алу тәсілін мүлдем алып тастау мүмкін еместігі атап көрсетіледі.

Мемлекеттік сатып алудың рәсімдік сәттері шеңберінде үлкен сомаларға жүргізілетін конкурс тәсілінде де сатып алу рәсімдерінің ұзақтығы, сондай-ақ күрделілігіне қатысты сұрақтар аз емес.

Бұл бюджет қаражатын уақытылы игеру бойынша қиындықтар туғызатындығы жасырын емес.

2020 жылмен салыстырғанда, ЖӨБО өткізіле бермейтін әлеуметтік тапсырысқа жүргізілетінді есептемегенде, екі түрлі конкурс арқылы жүргізілген сатып алулар көлемі 2022 жылы 66 314-тен 78 354-ке артты (Кесте 3).

Кесте 3 – Конкурс арқылы жүргізілген мемлекеттік сатып алуларға талдау


Түрі	2020		2021		2022		2023ж. 4 айы	
	саны	үлесі, %	саны	үлесі, %	саны	үлесі, %	Саны	үлесі, %
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ашық конкурс	56 034	84,5	75 496	87	74 723	95	73275	57
Біліктілікті алдын ала іріктеумен өткізілетін конкурс	10 280	15,5	11 302	13	3 631	5	12353	10
Екі кезеңде жүргізілетін конкурс	0	0	0	0	0	0	0	0
Рейтингтік-балдық жүйе қолданылатын конкурс	0	0	0	0	0	0	3853	3
Негіздемелік (шекті) келісімді конкурс	0	0	0	0	0	0	39358	30

Барлығы	66 314	100	86 798	100	78 354	100	128 839	100
Ескертпе – Автормен [5] қайнаркөз негізінде жасақталған								

Кесте 3 көрсетілгендей, 2023 жылдың 4 айында бұл көрсеткіш алдыңғы жылдың 12 айында өткізілген сатып алулардан екі есеге, яғни 128 839-ға артуына келесі жағдайлар ықпал етті:

- конкурстық комиссиясыз, яғни адами фактордың ықпалынсыз, жеңімпазы веб-порталда қалыптастырылатын жұмыс тәжірибесі мен мемлекеттік кірістер органдарынан алынатын қаржылық тұрақтылық көрсеткіші арқылы анықталатын РБЖ конкурсы енгізіліп, бұл тәсілмен құрылыс-монтаждау және бұған дейін баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен де өткізу мүмкіндігі болған ЖСҚ әзірлеу жұмыстары өткізілетіндігі белгіленді [9];

- әдетте бір көзден не баға ұсынысын сұрату арқылы жүргізіліп келген жанармай, телефон байланысы және интернет желісі қызметтерінің екі сатыда, яғни бірінші сатысын қаржы жылынан алдыңғы жылы тұрғылықты аймақ бойынша бірыңғай ұйымдастырушы жүргізетін, екінші сатысында алдыңғы сатыға қатысушылар арасынан іріктеуді тапсырыс беруші жүзеге асыратын негіздемелік келісімді қолдану арқылы өткізілетін конкурстың тізбесіне бекітілуі (Сурет 4).



Сурет 4 – Ашық конкурстың өткізілу ұзақтығы мен конкурс түрлеріне талдау

Ескертпе – Автормен [1, 20] қайнаркөз негізінде жасақталған

Сурет 4 сәйкес, заңнамамен белгіленген алдын ала талқылау, оған жауап орналастыру, өтінімдерді қабылдау, оны қарау, жөндеуге мүмкіндік беру, қорытындысын шығару, шағымдану мерзімі мен оның аясында түскен арыздарды бірнеше инстанцияларда қарауды есептесек, орта есеппен үш айдай уақытты құрайды.

Жаңадан жасақталатын ЖӨБО сатып алулары сапа зардап шекпеуі талабымен мейлінше қысқа мерзімдерде жүзеге асырылуы тиіс.

Бұл ретте, заңнамада өткізілу мәніне қарай, заңдылықта конкурстың бірнеше түрлері қарастырылғандықтан, оны таңдау тетіктері де әртүрлі екендігі себепті, тапсырыс беруші үшін мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасақтауда қосымша нақтылау шараларын қажет етеді.

Яғни, тапсырыс беруші бәсекелестік ортада өткізілетін әдістерді таңдағанда, заңдылықпен айқындалған бес тәсілді: конкурс; аукцион; баға ұсыныстарын сұрату; тауар биржалары; электрондық дүкен тәсілдерін белгіленген талаптарды сақтай отырып таңдауы тиісті болумен қатар, таңдалған конкурстың түрін айқындау бойынша да заңдылық нормаларының сақталуын қамтамасыз етуі міндетті.

Сурет 4 көрсетілгендей, шағымдану жағдайларын ескере отырып, конкурс өткізуге орта есеппен 83 жұмыс күні жұмсалады.

Тәжірибеде ашық конкурстың шағымдану процесі тұрады:

- көңіл толмаушылық болған жағдайда сатып алу аяқталған күнінен бастап бес жұмыс күнінде облыстық ІМАД-қа жүгіну, қаралу мерзімі - он жұмыс күні;
- бұл органның шешіміне бес жұмыс күнінде одан жоғарғы тұрған орган ІМАК-не шағымдану, қаралуы бес жұмыс күні;
- аталған органның шешімімен келіспей берілген шағым ҚМ ІМА аталған тәсілапелляциясы департаментімен он бес жұмыс күнінде қаралады;
- аталған процедуралардың нәтижелерімен келіспеу әлеуетті өнім берушінің сот органдарына жүгінуіне әкелуі мүмкін, ол орта есеппен 8-9 айға созылады.

Бұл ретте, сатып алу қорытындысына шағым түспегенімен, барлық дерлік сатып алулар шарт жасалғанға дейін уәкілетті орган ІМАД-мен камералдық бақылаудан өтуіне арнайы бес жұмыс күні қарастырылған.

Заңдылығы тексеріліп, «прокамералино» статусы болғанымен, бұл сол сатып алу бойынша үш жыл көлемінде анықталуы мүмкін әкімшілік жауапкершіліктен босатпайтындығын атап өткен жөн.

Сондықтан, ЖӨБО мемлекеттік сатып алуларында қолданылатын конкурс тәсілі мейлінше жеңілдетілген болуы шарт.

Осы тұрғыда, қорытындыларына шағым жасау көзделмеген, құрылыс-монтаждау мен жобалау жұмыстары сатып алынатын рейтингті-баллды жүйе арқылы жүргізілетін конкурстың оң тұстары көп.

Алайда, жеңімпазын анықтауға адами фактордың ықпалы болмағанымен, негізгі критерийлеріндегі сәйкессіздіктерді анықталысымен жою, ол үшін жауапкершілікке тарту заңдылықпен реттелмеген.

Тәжірибе көрсеткендей электрондық депозитарийге орналастырылған жұмыс тәжірибелерінің сипаттамаларында кеткен қателік көп: техникалық жағынан күрделілігі және функционалдық мақсаттарын толтыру барысында, күрделі емес объектілер күрделі деп, функционалдық мақсаттары тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер өзге де құрылыстар деп расталған. Бұл жұмыс тәжірибелерін есептеуде негізсіз шартты жеңілдікке әкеледі.

Себебі, заңдылыққа сай, веб-порталда әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі қазынашылық органдарымен расталса, ол жеңімпазды анықтаудағы шартты жеңілдікке автоматты түрде есептеледі.

Нәтижесімен, өзара шағым жасау жағдайларының орын алатыны белгілі.

Электронды депозитарийға қатысты 2022 жылы 903 шағым қаралса, 2023 жылдың 4 айында бұл көрсеткіш – 182 құрады.

Бұдан бөлек, жеңімпазды анықтаудағы екінші критерий - қаржылық тұрақтылық критеріі бойынша ақпарат жаппай қолжетімділікке орналастырылмаған.

Мысалы, 2022 жылы Қызылорда облысында ұйымдастырылған құрылыс-монтаждау жұмыстарына «А» ЖШС-гі қатысып, бірқатарынан жеңімпаз ретінде айқындалды. Бұл жағдайға шағым білдірген «В» ЖШС-нің арызын қарау нәтижесімен уәкілетті орган «А» ЖШС-нің төлеген салықтарында қателіктер анықталғанын көрсетіп, барлық сатып алулардан шеттету ұсынылды. Дегенмен, комиссия тарапынан аталған қателіктерді көруге тиісті интернет не өзге ресурстардан қолжетімділік болмағандығы себепті, тек хат негізінде өтінімді кері қайтару орын алды.

Мұнан өзге, тәжірибеде кәсіпкерлерге қойылатын талаптардың тауар, жұмыс, қызмет түріне қарамастан салыстырмалы біркелкілігі орын алған.

Кейде ол талаптар да қойылмай, сапасыз тауарлар алу жағдайлары да кездесетіндігі жасырын емес.

Мысалы, Қызылорда облысында «С» тапсырыс беруші А4 форматындағы ақ қағазды жариялағанда, бір буманың ішінде 500 дана болуы тиістілігін көздемеген. Нәтижесімен, 500 дана ақ қағазға бөлінген қаржыға кәсіпкер тарапынан 100 даналық бумалар әкеліп берілген. Мұндай жағдайлардың еліміздің көптеген өңірлерінде кездесетіндігі жасырын емес.

Бұл ретте, автоматтандырылған сатып алу тетіктерін тауарлар мен қызметтерге қолдану барысында құрылыс-монтаждау жұмыстарындағыдай сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы жоқтығын ескеріп, үлгілік техникалық ерекшелікті қалыптастыру қажеттілігі туады.

Себебі, Қызылорда облысында техникалық ерекшелікте артық талаптар көздеумен белгіленген сапа стандарттарын белгілеуге қытысты бұзушылықтар жыл сайын жүйелі түрде қайталануда (Кесте 4).

Кесте 4 – Қойылған талаптарға қатысты бұзушылықтар орын алған мемлекеттік сатып алуларға талдау

Түрі	2020	2021	2022
------	------	------	------

	саны	үлесі, %	саны	үлесі, %	саны	үлесі, %
1	2	3	4	5	6	7
Артық талаптарды белгілеу	13	81	68	39	65	40
Техерекшелікте стандарт көрсетпеу	3	19	108	61	96	60
Барлығы	16	100	176	100	161	100
Ескертпе – Автормен [5] қайнаркөз негізінде жасақталған						

Бұл бұзушылықтар камералдық бақылау аясында анықталғандықтан, қызметкерлерге жауаптылық әкелмегенімен, сатып алудың күшін жойып, қайта жариялауға, яғни бөлінген қаржының кеш игерілуіне өз ықпалын тигізеді.

Заңнамада сатып алынатын тауарлар мен жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, олар болмаса мемлекетаралық стандарттар көрсетіліп, техникалық ерекшелік жасақталуы тиіс.

Тәжірибеде стандарттар жаппай қолжетімділікте жоқ, ақылы негізде сатып алуға қаржы қарастырылмаған, камералдық бақылаумен тиісті талап қойылмаған сатып алудың күші жойылуы тәуекелі бар, тиісінше сатып алуларды жариялауда қиындықтар келтіреді.

Саладағы келесі проблемалық сұрақтардың бірі - сатып алуды жүзеге асыратын мамандардың біліктілігі. Өкінішке орай, тәжірибеде сатып алу процесімен жалақысы 100 мыңның шеңберін құрайтын штаттан тыс қызметкерлер, ал көптеген мекемелерде қаржы жетіспеушілігіне байланысты бұл функция қосымша ақысыз бухгалтер-есепшілерге қосымша жүктеме ретінде қосылып беріледі.

Нәтижесімен жұмыс сапасының төмендігі орын алып, жауапкершілікке тарту жағдайлары жиі кездеседі, салдарынан салада кадр тұрақсыздығы қалыптасқан.

Мысалы, Облыста 2022 жылы саладағы әртүрлі кемшіліктері үшін 123 қызметкер тәртіптік жауаптылыққа тартылған, нәтижесімен бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда екі есеге артқан (Кесте 5).

Кесте 5 - Тәртіптік жауапкершілікке тарту бойынша талдау

Тәртіптік жауапкершілікке тарту негізі	Жауапты қызметкерлердің жалпы саны/Жауапкершілікке тартылғандар		
	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Қызметкер саны (оның ішінде функциясы тек мемлекеттік сатып алу болып табылатыны)	-	63 (4)	123 (9)
Сатып алуды уақытылы жарияламау	-	15	2
Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өз мерзімінде қайтармау	-		15
Бір көзден алу тәсілін негізсіз қолдану	-	40	32
Өнім берушіні жосықсыз қатысушылар тізіліміне мерзімінде енгізбеу	-		37

Сатып алуды заң нормаларына сәйкес жарияламау	-	8	37
Ескертпе – Автормен мемлекеттік мекемелердің ақпараты негізінде жасақталған			

Бұл тұрғыда, тапсырыс берушінің ғана емес, әлеуетті өнім берушінің де жауаптылығын айқындау қажет.

Өйткені, қолданыстағы заңнамамен екі жыл жосықсыздар тізіліміне кірген кезеңді есепке алмағанда, оның мұған дейінгі және кейінгі «теріс сипаттағы» қызметі ескерілмейді.

Қолданыстағы заңнамамен жергілікті мердігерлерге қолдау көрсету қарастырылмаған, нәтижесімен бюджеттік түсімдердің азаюы және қосалқы мердігерлерге беру кеңінен етек алған.

Атап айтқанда, жұмыс тәжірибесі және қаржылық тұрақтылығы жоғары үлкен компаниялар жергілікті жерлердегі нысандарды ұтып алу нәтижесімен қосалқы орындаушыға беріп, құрылыс жұмыстарының сапасы қамтамасыз етілмейді әрі салық өзге облыстарға төленеді.

2022 жылы Қызылорда облысында 44,5 млрд. теңгеге жарияланған 100 құрылыс жұмыстарына конкурстың 18,9 млрд. теңгені құрайтын 46-да жеңімпаз ретінде өзге аймақтардың мердігерлері танылған, тиісінше барлық салықтар өзге өңірлердің бюджет түсімдеріне кетті.

Ал, отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында енгізілген алдын ала біліктілікті іріктеу тәсілімен жүргізілетін сатып алулар тізбесінің 7 бірліктен 1 бірлікке (компьютер, ноутбук, картридж, моноблок, бағдарламалық қамтамасыз ету, принтер т.б.) қысқартылуы 2022 жылы Кесте 3 көрсетілгендей сатып алулар көлемін едәуір азайтқанымен, бағдарламалық қамтамасыз ету тауарларының қатарына осы саладағы қызметтердің қосылуы 2023жылдың 4 айындағы конкурстар өсімін көрсетті [22].

Аталған тәсіл белгіленген тізбеге сәйкес және веб-порталдың басты бетінде орналастырылған арнайы кестеде көрсетілген сатып алуларға қолданылып, «ФЛБ»-мен белгіленген бұл сатып алулар «КТРУ» (код товаров, работ и услуг) арқылы байланып, сатып алуды ұйымдастырушыларға веб-порталда өзге тәсілдермен жариялануына қолжетімділік бермейді.

Бұл тәсілмен жүргізілетін сатып алудың басты критерийі – әлеуетті өнім берушіде отандық тауар өндіруші екендігін дәлелдейтін индустриалды сертификаттың болуы. Ал, тәжірбеде компьютер құрылғыларының құрамдас бөлшектерінің бәрі шетелдікі, елімізде олар тек құрастырылады, себебі құны арзан. Мұнымен бірге, индустриалды сертификат алу процедурасының бірнеше ұзақ сатылардан тұратындығы тағы бар.

Осы тұрғыда, жергілікті қамту үлесінің басты критерийі - СТ-KZ сертификаты. Бұл сертификаттың тауардың белгілі бір көлеміне ғана берілетінін ескерсек, тауар өндіруші үшін қосымша сертификациялаудан өту жұмыстарын талап етеді.

Әлеуметтік зерттеу – интервью нәтижелері

Зерттеу аясында айқындалған проблемалық сұрақтарды негіздеу мақсатында эксперттік интервью жүргізіліп, оған мемлекеттік сатып алу процесінде әртүрлі рольдерге ие 12 маманның қатысуы қамтамасыз етілді, нақтылап көрсететін болсақ:

- заңнама талаптарында көзделгендей, статусы әртүрлі уәкілетті сатыдағы органдармен «бірыңғай ұйымдастырушы» ретінде айқындалған, көп мөлшердегі қаржылай сомаға сатып алуларды орталықтандырылған сипатта өткізуші органдар қызметкерлері - 2;
- мемлекеттік сатып алуларды бөлінген қаржысына жоспарлап, игеруді қамтамасыз ететін тапсырыс беруші статусындағы тұлғалар - 2;
- ЖӨБО, яғни кент, ауылдық округтің әкімдері - 2;
- ЖӨБО, яғни кент, ауылдық округтің мемлекеттік сатып алуға жауапты мамандары – 2;
- өнім беруші, яғни тауарды жеткізіп, жұмыстарды орындап, қызметтерді көрсетіп беретін кәсіпкерлер - 2;
- кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытында қолданыстағы заңнаманы жетілдіру процесіне олардың атынан белсене атсалысатын «Атамекен» ҰКП-ның жауапты маманы - 1;
- қолданыстағы мемлекеттік сатып алу заңнамасы талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкері - 1.

Зерттеу жүргізу үшін келесі нысан жасақталды:

I. ЗЕРТТЕУ МӘНІ: Мемлекеттік сатып алу саласындағы сарапшы мамандармен бекітілген сұрақтар бойынша тереңдетілген сұхбат жүргізу;

1. Зерттеуді жүргізуші: А. Қуандық;

2. Оқу орны: ҚР Президенті жанындағы басқару академиясы;

II. ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ

Мемлекеттік сатып алу саласындағы проблемалық сұрақтарды шешу жолдарын ұсыну отырып, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік сатып алу жүйесі жобасын ұсыну;

III. ЗЕРТТЕУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Мемлекет басшысының 2022 жылдың 16 наурызындағы Жолдауында жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік сатып алуларына жаңа тәсілдерді қарастыру, 1 қыркүйегіндегі Жолдауындағы жаңа мемлекеттік сатып алу заңдылығын қабылдау қажеттілігі туралы тапсырмалары;

IV. ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ: Зерттеуді жүргізушімен ұсынылатын проблемалық сұрақтардың өзектілігін мемлекеттік сатып алу саласындағы сарапшы мамандардың пікірімен негіздеу;

V. ЗЕРТТЕУ МІНДЕТТЕРІ:

1. Саладағы проблемалық сұрақтарды нақтылау және негіздеу;

2. Жасалатын тұжырымдар мен білдіретін ұсыныстардың негізділігін бағамдау.

VI. ЗЕРТТЕУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ІРІКТЕУ

1. Болжалды қатысушылар саны: 12.

2. Жынысы бойынша бөлініс: Зерттеуге әйел адамдар да, ер адамдар да қатысады, олардың санына қатысты шектеулер қойылмайды;

3. Жасы: Зерттеуге әрекет қабілеттілікке ие кез келген тұлға қатыса алады;

4. Ұлты: Қатыстылығы нақтыланбағандығы себепті, ұлт бойынша талаптар қойылмайды;

5. Іріктеу критерийлері: Мемлекеттік сатып алу саласында қызмет жасауы және (немесе) осы салада соңғы 5 жылда кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;

6. Репрезентативтігі: Мемлекеттік сатып алу саласындағы барлық тараптар: тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, әлеуетті өнім беруші, тексеру саласындағы уәкілетті орган, кәсіпкерлер палатасы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қызмет жасаушылар қамтылады;

7. Валидтілік (жарамдылық): мемлекеттік сатып алу саласының баршаға ортақ таныс емес, тар аймақты қамтуы себепті, зерттеу мәні бойынша көзқарас тек осы салаға қатысы бар сарапшылардың тартылуымен қамтамасыз етіледі.

VII. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР

1. Зерттеу үшін тереңдетілген сұхбат әдісі қолданылады.

2. Сандық мәліметтер алынып, оларға талдау жүргізіледі.

3. Тәжірибедегі кейс-оқиғалар пайдаланылады.

VIII. ТӘУЕКЕЛДЕР, ОЛАРДЫ БАҒАМДАУ

1. Зерттеу барысында минимальды, орта деңгейдегі және максимальды шкала бойынша тәуекелдер орын алуы мүмкін;

2. Болжалды тәуекелдер: жеке адами, психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және заңи сипатта.

3. Тәуекелдерді жою: сұхбаттасушы тұлғалармен алдын ала мазмұны, уақыты, тәуекелдері мен әсерлері бойынша келісу жұмыстарын жүргізу, қосымша қатысушылар тізімін дайындау, зерттеу аясында нақты аты-жөнімен лауазымының көрсетілмеуі.

IX. ҚОСЫМША МӘСЕЛЕЛЕР:

1. Келісім сұхбат басында ауызша форматта алынып, жазба жасалатындығы ескертіледі.

2. Сұхбаттың жүргізілу қосымшасы (ZOOM, TEAMS және т.б.) тараптардың келісімі негізінде анықталады.

X. САРАПШЫҒА ҰСЫНЫЛАТЫН НЫСАН:

Құрметті сарапшы!

Сізден сарапшылық сұхбатқа қатысып, берілген сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз.

Сарапшылық сұрау салу «Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік сатып алу жүйесіне жаңа тәсілдер» тақырыбындағы магистрлік жобаны әзірлеу аясында жасақталып, мемлекеттік сатып алу саласындағы проблемалық сұрақтарды қарастыру және өзін-өзі басқару органдары үшін тиімді мемлекеттік сатып алу жүйесін қалыптастыруда жаңа тәсілдерді ұсыну мақсаттарын көздейді.

Уақыт бөлгеніңіз және қолдау көрсеткеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз!

Мемлекеттік сатып алу саласындағы жұмыс тәжірибеңіз, жыл _____

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алу саласындағы жаңа заңнаманы, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін мемлекеттік сатып алудың жаңа тәсілдерін қарастыру тапсырылды.

1) Заңнаманың соңғы уақыттардағы қандай оң нәтижелері мен өзгерістерін атап көрсетер едіңіз?

2) Өзірленетін жаңа заңнама тәжірибедегі қандай проблемалық сұрақтардың алдын алуы тиіс деп ойлайсыз?

3) Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сатып алу жүйесі қарапайым болу керектігі тапсырылды. Қалай ойлайсыз, аталған жүйеде жалпы мемлекеттік сатып алуда бар қандай нормалар сақталып, қайсысын өзгерту керек?

4) Жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін көзделетін бір көзден алуды тиімді деп есептейсізбе және неге?

5) Жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін жеңімпазды анықтайтын негізгі критерий ретінде - төмен бағаның қарастырылуы қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз, өзге қандай критерийді ұсынар едіңіз?

6) Жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін екінші тәсіл ретінде – жеңілдетілген конкурс қарастырылуда. Тәжірибеде рейтингті-баллдық жүйеге негізделетін конкурс тәсілі ашық конкурсқа қарағанда 8 есе аз таңдалатыны белгілі. Сіздің ойыңызша, аталған тәсілді жеңілдетілген тәсіл ретінде қарастыруға болама әлде өзге түрдегі конкурс қажет пе?

7) Мысалы, Қытайда кәсіпкерлердің ең тиімді ұсынысына өткізілетін «бәсекелестік сауда-саттық», Сингапурда жазбаша баға ұсынысын беру негізінде жүргізілетін «котировкалар сұранысы», Ресейде төмен баға берілу арқылы жеңімпаз айқындалатын «бәсекелестік іріктеу» тәсілдері бар. Сіздің ойыңызша, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік сатып алуларын жүргізуде қандай тәсіл тиімді?

№	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қолданылуы тиімді болатын сатып алу әдістері						
Тәсілдер	2000 АЕК-ге дейінгі бір көзден алу	8000 АЕК-ге дейінгі баға ұсыныстарын сұртау	Тек баға ұсынысы негізінде жеңімпаз анықталатын жеңілдетілген конкурс	Жергілікті кәсіпкерлердің арасында ғана өткізілетін ашық конкурс	Жеңімпазды құрылу көзделген Кеңеспен келісе отырып, таңдау	Кәсіпкерлердің жазбаша ұсыныстарының тиімділігі тұрғысынан таңдау	Алдын ала талқылаусыз, алдын ала жіберусіз, шағымданусыз ашық конкурс
Ұсыныс	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә
Өз ойыңыз							

8) Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сатып алу тәсілдерінде біліктілік талаптарының қойылуы туралы ойыңыз?

Біліктілік талаптары	Жергілікті облыс/аудан/елді мекенде тіркелуі	Жұмыс тәжірибесінің болуы және (немесе) электронды депозитарийде расталуы	Арнайы рұқсатының болуы, автоматты түрде веб-порталмен тексерілуі	Еңбек және материалды ресурстарын растау	Тапсырыс берушімен соңғы үш жыл көлемінде жасасқан шарттар негізінде шарттық міндеттемелерін адал орындауы	Жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға қосатын үлесі	Шарттық міндеттемелерін орындауда жоғары технологиялық шешімдерді қолдануы
Ұсыныс	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә
Өз ойыңыз							

Мемлекеттік сатып алуға қатысты проблемалық сұрақтар бойынша өз ойыңызды білдіруге уақыт бөлгеніңіз үшін тағы да алғысымызды білдіреміз!

Сұхбат шеңберінде:

- 42% әйелдер және 58% ерлер;
- 25-55 жас аралығындағы тұлғалар;
- 42% қалалық, 58% ауылдық жерлерде тұратындар;
- мемлекеттік сатып алу саласында үш жылдан астам өтілі бар сарапшылар ЖӨБО мемлекеттік сатып алу жүйесіне жаңа тәсілдерді қалыптастыруға қатысты сұрақтарға жауап берді.

Бұл ретте, барлық сарапшылар мемлекеттік сатып алу заңнамасындағы оң өзгерістерді, яғни:

- РБЖ конкурсын енгізу, яғни сатып алу рәсімінің автоматтандырылуы;
- мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор сатып алуларының бірыңғай платформаға көшірілуі;
- бір көзден алудың азайтылуы;
- веб-портал функционалында электрондық әмиянды қалыптастыру.

Сонымен қатар, ЖӨБО сатып алуларында көргісі келмейтін проблемалық мәселелерге монополия және сыбайлас жемқорлық, қазынашылық органдарының дербес түрде мердігер мен жобалаушылардың жұмыс тәжірибесін растауын, отандық тауар өндірушілерді қолдаудың тиімсіз әдістерін, қолданыстағы механизмнің компоненттерінің көптігі мен күрделілігін жатқызды.

Осыған байланысты, сарапшылардың 92%-ы ЖӨБО сатып алуларының қарапайым және түсінікті түрде екі тәсілмен: аз сомаларға өткізілетін бір көзден

алынатын әдіспен және қысқа мерзімдер қарастырылған РБЖ конкурсына ұқсас автоматтандырылған процестерді пайдалана отырып, өнім берушілердің жауапкершілігі тетігінің және үлгілік техникалық ерекшеліктерді қолдана отырып, жергілікті өнім берушілердің қатысуымен жүргізілуі тиімділігін атап көрсетті.

Мұнымен бірге, мемлекеттік сатып алудың барлық кезеңдеріндегі жергілікті қоғамдастықтың қатысу тетігін әзірлеу қажеттілігі нақтыланды.

Осы тұрғыда, ұсынылатын тұжырымдардың тәуекелдерін анықтау, оларды жою және алдын алу шараларын бағамдау қажет.

Осы мақсатта, зерттеу нәтижесі бойынша эксперттер қойылған сұрақтарға жауап беруде PEST-талдауда қаралған келесі тәуекелдер талданды.

Әрбір фактордың нақты маңыздылығы мен оны бақылау қажеттілігін айқындайтын баға келесі формуламен есептеледі: фактор ықпалы ÷ ықпалдар қосындысы × орташа эксперттік бағалау (Кесте 6).

Кесте 6 – Эксперттік интервью қорытындысы бойынша тәуекелдер

Тәуекел сипаты	Тәуекел ықпалы	Сарапшы бағасы					Орташа баға	Үлесті есептегендігі баға
		1	2	3	4	5		
<i>Саяси факторлар</i>								
Нормативтік-құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер	3	5	5	3	4	4	4,2	0,6
Жоғарғы тұрған органдардың реттеушілік сипаттағы араласуы	3	5	3	3	2	3	3,2	0,5
<i>Экономикалық факторлар</i>								
Халықтың және әкімнің өмір сүру деңгейі	3	4	3	3	4	5	4,4	0,6
Жұмыссыздық деңгейі және оған байланысты шараларды қабылдау	2	5	3	2	1	2	2,6	0,2
<i>Әлеуметтік-мәдени факторлар</i>								
Рушылдық, жерлестік және жеке тұлғаға берілгендік сипаты	2	5	2	3	4	5	3,8	0,4
Әкім ықпалына түсу	3	4	1	2	4	4	3	0,4
<i>Технологиялық факторлар</i>								
Тұрғындардың технологияларды қолдану деңгейі	3	5	4	5	5	5	4,8	0,7
Әлеуеті өнім берушілермен инновацияларды ұсыну	2	3	5	4	5	2	3,8	0,4

деңгейі								
Ескертпе – Автормен интервью ақпараты негізінде жасақталған								

Әрбір фактордың ықпалын бағалауда 1-ден бастап 3-ке дейінгі баған қолданылды, яғни:

1 балл - ықпалы айтарлықтай емес және әрекеттің қорытындысына әсері жоқ;

2 балл - айтарлықтай өзгеріс болса ғана маңызды;

3 балл – шағын тербелістің өзі іске асыру механизміне қатты әсер етеді.

Факторлар өзгеруі 1-ден бастап 5-ке дейінгі бағанмен бағаланады:

- өзгеріс болмайды-1;
- өзгеруі ықтимал-2;
- өзгеріс айтарлықтай емес – 3;
- өзгерістер орын алды-4;
- өзгерістер өте жоғары деңгейде ықтимал-5.

Есептелген көрсеткіш қаншалықты жоғары болса, факторға тиісінше көп мән берілуі тиіс. Олар:

- жұмыссыздық деңгейі - 0,2 балл;
- рушылдық, жерлестік және жеке тұлғаға берілгендік сипаты; әкім ықпалына түсу; әлеуеті өнім берушілермен инновацияларды ұсыну деңгейі 0,4 баллдан;

Осыған байланысты, жаңа тәсілдер шеңберінде қажеттілік бар:

- Жұмыспен қамтудың жол картасы бағдарламасына ұқсас шарттық міндеттемелерді орындау шеңберінде жергілікті тұрғындар арасынан жұмыс күшін тарту міндеттілігі;

- адам факторының әсерін барынша төмендететін МӘС сатып алудың барлық рәсімдерін автоматтандыру;

- инновациялық технологияларды ұсынатын жеткізушілерге жеңімпазды анықтаудағы қосымша артықшылықтар.

Алайда, осы факторлардың кез-келгені дерлік өзгеруі мүмкін екенін немесе жекелеген факторларды бағалау болжамдар мен сарапшылардың субъективті пікіріне негізделмейтінін ескере отырып), *pest* талдауында көрсетілген факторларды мезгіл-мезгіл бақылап отыру, жасалған болжамдарды ағымдағы жағдаймен салыстыру және тиісті түзетулер енгізу.

ЖӨБО мемлекеттік сатып алуларын орталықсыздандыруға қатысты айтылғандардан бөлек:

- әкімдер сайлауының сыбайлас жемқорлық құрамдас бөліктері;
- шешім қабылдау кезінде жергілікті қоғамдастықтың қатысуына толық бақылаудың болмауы;
- әкімнің және (немесе) кеңес өкілдерінің бұзушылықтары анықталған кезде жауапкершілікке тарту тетігінің болмауы секілді жалпы тәуекелдер де бар.

Халықаралық тәжірибені талдау

Әдетте, кез келген салада проблемалық мәселелер туындаған жағдайда, көптеген елдер шетелдік оң нәтижеге негізделген шетелдік тәжірибені зерделейтіні белгілі.

Сондықтан, зерттеу аясында өз жұмыс тәжірибемде орын алатын бірқатар проблемалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін өзге мемлекеттердің тәжірибесі қарастырылды.

Нарықтық экономика шеңберіндегі барлық мемлекеттік және қоғамдық сатып алуларға қатысты халықаралық тәжірибе мен практикалық әдістемені біріктірген ЮНСИТРАЛ үлгілік заңы 1994 жылы БҰҰ-ның халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының 27-сессиясында қабылданып, мемлекеттік тапсырысты орналастырудың заманауи тиімді моделі ретінде бірінші кезекте Шығыс Еуропа мен өтпелі типті экономикаға ие дамушы мемлекеттер үшін жасақталды.

ЮНСИТРАЛ үлгілік заңының басты мақсаты бәсекелестікті барынша дамыту, әлеуетті өнім берушілерге әділетті қарым-қатынасты қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алуларды өткізудегі ашықтықтық пен объективтілік деңгейін арттыру болып табылады. Заңнаманы ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс салаларын есепке алмағанда, барлық мемлекеттік сатып алуларға қатысты қолдануға ұсынылады.

Құжаттың негізгі ережелеріне жатады:

1. Ашықтық пен жариялылық бөлігінде: сатып алуларды жүргізуге қатысты жазбаша есептіліктің жасақталуы (есепте мемлекеттік тапсырыс берушілермен конкурсты және өзге де сатып алуларды өткізуге қатысты барлық ақпараттың қамтылуы) шарттарды жасасу және оған қол қою туралы жария хабарлама.

2. Біліктілікке қатысты – өнім берушілерге қойылуы мүмкін талаптардың нақтылығы, біліктілікті зерделеу тәртібі мен рәсімінің, оның ішінде біліктілікті алдын ала іріктеу тәртібінің айқындалуы.

3. Рәсімдер бөлігінде – сатып алудың негізгі тәсілі ретінде ашық конкурс; одан бөлек жабық конкурс, жәй сатып алу үшін жалғыз жеткізушіден баға ұсынысын сұрату; екікезеңдік конкурс, бәсекелестік келіссөздер, күрделі өнімді және кеңес беру қызметтерін алу үшін ұсынымдарды сұрату.

4. Ашық конкурс рәсімі хабарландыруды жариялау, әлеуетті өнім берушілерге конкурс шарттарын жіберу (конкурстық құжаттама); өзгерістер мен түсіндірулерді қамтитын конкурстық өтінімдерді әзірлеу, конкурстық өтінімдерді беру; конкурстық өтінімдерді жария ашу рәсімі; өтінімдерді бағалау; өтінімдер акцепті және жеткізіп беру шартының заңды күшіне енуі.

5. Дауларды шешу бөлігінде заңдылықпен жеткізушінің (мердігердің) мемлекеттік тапсырысты орналастыруға қатысты сатып алу ұйымының әрекетіне әкімшілік және сот тәртібімен шағымдануын заңдылықпен белгілеу.

Қазіргі таңда, ЮНСИТРАЛ үлгілік заңының модельдері Ресей Федерациясы, Қазақстан, Қырғызстан, ТМД және Шығыс Еуропа елдерінің ережелерінде қамтылған.

Екінші маңызды халықаралық құжат-1994 жылы Уругвайдағы көпжақты сауда келіссөздерінің нәтижелері бойынша қабылданған үкіметтік сатып алу туралы көпжақты келісім (Agreement on Government Procurement).

Үкіметтік сатып алу туралы келісімде мемлекеттік тапсырысты орналастыру рәсімдерінің үш түрі айқындалған: ашық, селективті және шектеулі. Кез келген мүдделі тауар немесе қызмет жеткізушілері өтінім бере алатын рәсімдер ашық болып табылады. Сатып алушы ведомстводан тиісті ұсыныс алған өнім берушілер ғана өтінім беруге құқылы рәсімдер селективті болып саналады.

Шектеулі рәсімдер-Сатып алушы ведомство тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен жеке, келісімде белгіленген шарттарда қатаң түрде байланысатын іс-әрекеттер.

Сауда-саттық рәсімдері және сатып алудың басқа тәсілдері белгілі бір ережелерге сәйкес келуі керек. Атап айтқанда:

қандай да бір өнім берушілерге немесе өнім берушілердің топтарына мемлекеттік сатып алуды жеңілдікті шарттармен өткізу туралы ақпарат беруге тыйым салынады;

Сауда саттықты өткізу туралы ақпаратты жариялау оның ішінде халықаралық басылымдарда ДСҰ ның ресми тілдерінің бірінде жүзеге асырылуы тиіс;

біліктілік талаптары сатып алу рәсімдеріне қатысушы барлық өнім берушілер үшін бірыңғай болуға тиіс;

Сауда-саттықты өткізу кезінде конкурстық өтінімдерді дайындау мерзімі 40 күннен кем болмауы тиіс, қалған жағдайларда – 25 күннен кем болмауы тиіс;

сауда-саттық (конкурстық құжаттама)бойынша құжаттаманың мазмұнына қойылатын талаптар белгіленеді;

ұсыныстардың жариялылығы мен сақталуын қамтамасыз ететін конкурстық өтінімдерді беру және ашу шарттары айқындалған.

Мұнан бөлек, жоспарлау және сатып алуларды жүзеге асыру барысында жылдық жоспарды бекіту, комиссия мүшесі ретінде дауыс беру және шартқа қол қойып, ол бойынша орындалу актілерін бекіту кезеңінде тәжірибеде мемлекеттік сатып алуға жауапты тұлғалар басшы мен комиссия мүшелері үшін электронды кілтпен қол қою жағдайлары кеңінен кездесетіндігі белгілі.

Яғни, веб-порталда кілтпен кім жұмыс жасап отырғандығы белгісіз және оны құрылғының қайда орналасқандығын есепке алмағанда, анықтау мүмкін емес деуге болады.

Оңтүстік Кореяда мемлекеттік сатып алу функционалына кіру саусақ іздері көмегімен ғана жүзеге асырылады.

Аталған тәжірибені енгізу цифрландыру аясында басшылардың бірқатар ақпараттан хабарсыз болу және ретсіз жауапкершілікке тартылу негіздерінен босатылуға алып келер еді.

Аз сомаларға бір көзден алу тәсілінің өткізілуіне қатысты көптеген сын-пікірлер айтылғанымен, бұл тәсіл халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады.

Норвегияда 100 000 норвегиялық кроннан төмен сомадағы сатып алулар қатысушылардың теңдігі, кемсітушілікке жол бермеу, транспаренттілік пен пропорционалдылық қағидаттары сақтала отырып, кемінде 3 әлеуетті өнім берушіні хабардар ету және барынша тиімді ұсынысты таңдау арқылы жүргізіледі.

Бұл тәжірибе Ұлыбританияның мемлекеттік сатып алуларына да тән.

Яғни, ЖӨБО мемлекеттік сатып алуларындағы белгілі бір шекті сомадағы сатып алуларды нақ осы критериймен жүзеге асыру өзге елдермен қолданылып келе жатқан тәсіл.

Дегенмен, бір көзден алуды жүзеге асыруда жеткізушіні таңдаудың негізгі критерийі ретінде бағаны қарастыруға қатысты сын жиі айтылады.

Бұл ретте, Канада қолданысындағы оңтайлы құн тәжірибесі баға, техникалық талаптар мен сапаның үйлесімін қарастырады. Мұндай үйлесімділік коммерциялық ұсыныстарды сұрау процесінде айқындалып, оны бағалау тиісті өлшемшарттарда белгіленеді. Бұл процестің талапқа сәйкес орындалуы - канадалық жыл сайынғы сатып алу стратегиясы арқылы жүзеге асырылады [12].

Аталған стратегия тетіктерін ЖӨБО сатып алуларының аз сомаға өткізілетін бөліктерінде қолдану мүмкіндігі бар.

Дегенмен, үлкен сомаларға өткізілетін сатып алуларда төмен баға критерийін ғана басшылыққа алмаудың тағы бір жақсы тәжірибесі АҚШ-та [13].

Бұл ретте, тапсырыс берушінің негізгі мотивациясы - объектінің бүкіл өмірлік циклі үшін құнын төмендету, оған зерттеу, жобалау, салу және пайдалану кіреді. Мысалы, автожол салуда оны пайдалануға беруді жеделдетумен бірге, кептеліске қарсы шығындар да ескеріледі. Келісімшарттың төмен бағасын ұсынып, бірақ екі есе баяу жұмыс істеп, көлік құралдарын (оның ішінде жүк мәшинелерін) кептелісте екі есе ұзақ тұруға мәжбүр ету экономикаға едәуір шығындарға әкеледі.

Бұл жағдайда бюджет қаражатын формальды үнемдеу ғана орын алып, жеңімпаздың бәсекелестерге қарағанда жұмысты сапасыз орындайтынын ескерсек, салынған жолды қайта жөндеу қажеттілігі аз уақытта пайда болып, одан да көп шығындарға әкеледі, яғни, бұл жағдайда үнемдеудің мәні жоқ деп саналады.

Сондықтан АҚШ орындаушыны таңдағанда, көбінесе өз жұмысын жоғары бағаға бағалайтын, бірақ жалпы шығындарды азайтуға артықшылық береді.

Осылайша, АҚШ-та түпкілікті өнімнің сапасы, инновацияларды енгізу мүмкіндігі, жұмыс істейтін қызметкерлердің біліктілігі есепке алынады.

Бұл ЖӨБО сатып алуларының конкурс тәсілінің автоматтандырылатын процестеріндегі өнім берушінің сапаға, біліктілікке, қолданатын инновациялық әдістемесіне, қызметкерлеріне қатысты мәліметті жасақтауында қосымша талаптарды белгілеу барысында қолдануға болатын тетік ретінде қарастырылады.

Тәжірибеде көптеген кәсіпкерлер конкурсқа қатысуға берілген өтінімдердің ұзақ қаралатындығына көңіл толмаушылық білдіреді. Заңдылыққа сәйкес, конкурстық құжаттаманы талқылауға он жұмыс күні, өтінімдерді қабылдауға он бес күнтізбелік күн, өтінімдерді алдын ала қарауға он жұмыс күні, қорытынды шығаруға бес жұмыс күні белгіленген.

Салыстырмалы түрде Ұлыбританияда тек өтінімдерді қарауға заңдылыққа сәйкес 53 күнді, Италияда 32 күнді құрайды, яғни әлемдік көрсеткішпен салыстырғанда еліміздегі мерзімдер орта есеппен қонымдыдеуге болады.

Мұнан бөлек, кәсіпкерлерге қатысты мемлекеттік сатып алуларда ескерілетін ақпараттарға деген қолжетімсіздік (жұмыс тәжірибесі, қаржылық тұрақтылық) проблемасының бар екендігі белгілі.

Құрылыс-монтаждау мен жобалау жұмыстары сатып алынатын рейтингті-баллды жүйе арқылы жүргізілетін конкурстың жеңімпазы веб-порталда қазынашылық органдармен расталатын жұмыс тәжірибесі және төленген салық көрсеткіштері негізінде анықталады. Аталған тәсілмен сатып алуларды жүргізерде адами фактордың ықпалы болмағанымен, жоғарыда көрсетілген екі критерий бойынша ақпарат жаппай қолжетімділікке орналастырылмаған.

АҚШ-та сатып алу процесіне қатысатын әрбір кәсіпкер өзіне қатысты кез келген ақпаратты жария етуге міндеттенеді: бұл абсолютті жариялылық қағидасы негізінде жүзеге асырылады.

Елімізде де нақ осындай мемлекеттік сатып алуға ниеттенген кәсіпкерлерге қатысты ақпарат жариялылығына қатысар кезеңінде келісім негізінде қолжетімділік берілуі оң нәтижесін берер еді.

Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа Заңды мақұлдауда Литвада да үлкен ашықтықты қамтамасыз етуге ұмтылыс болғанымен, тек құпия емес ақпарат ашылу көзделіп, өнім берушілердің құпия емес деп санайтын мәліметінің көрсетілуі орын алып, толықтай көзделген мақсатқа қол жеткізілмеді деуге болады.

Сондықтан бұл бағытта цифрландыру процесі кешенді түрде жүргізілу қажеттілігі бар.

Конкурстық комиссия мүшесі ретінде кәсіпкерлермен кездесу барысында алдын ала жіберу процедурасының жүргізілуіне байланысты ұзаратындығы бойынша көп шағымдар білдіріледі.

Алайда, алдын ала қарауда кәсіпкердің қате салған құжаттарын жөндеп салуға мүмкіндігінің барлығы ескерілмейді.

Оңтүстік Кореяда бір рет белгілі себептермен тендерге жіберілмеген кәсіпкер екінші мәрте құжаттарын ұсыну құқығынан айырылады.

Яғни, кәсіпкерлердің алдын ала жіберілуі болмаған жағдайда, шағымдану көрсеткішінің артып, одан әрі созбалаңқылыққа салынатындығын ескеру қажет.

Ұлыбританияда отандық кәсіпкерлерге қолдау көрсетіліп, басымдық беріледі, яғни ЕуроОдақтың құрамынан шығып кеткен аталған мемлекет өз кәсіпкерлерін орналасқан аймағы бойынша қорғау шараларын жүзеге асырады.

Дегенмен, бұл критерийді енгізерде қосымша мониторинг және тәуекелдерді айқындау қорытындылары қажет деп тұжырымдалады.

Қолданыстағы еліміздің заңнамасымен екі жыл жосықсыздар тізіліміне кірген кезеңді есепке алмағанда, оның мұған дейінгі және кейінгі «теріс сипаттағы» қызметі ескерілмейді.

Жапонияда сатып алуға қатысушылардың біліктілігін алдын ала анықтау шарасы жүргізіледі, яғни кәсіпкер кіршіксіз адал беделге ие болуы тиіс.

Сондықтан қолданыстағы заңнамаға қатысушының «теріс тәжірибесі» болған жағдайда тиісті жеңілдік критерийлерін азайту түріндегі шаралар қолдану - кәсіпкердің адалдық шекті мәнін қалыптастыру негізі болар еді.

Тәжірибеде кәсіпкерлерге қойылатын талаптардың тауар, жұмыс, қызмет түріне қарамастан салыстырмалы біркелкілігі орын алған. Кейде ол талаптар да қойылмай, сапасыз тауарлар алу жағдайлары да кездесетіндігі жасырын емес.

Мысалы, «С» тапсырыс беруші А4 форматындағы ақ қағазды жариялағанда, бір буманың ішінде 500 дана болуы тиістілігін көздемеген. Нәтижесімен, 500 дана ақ қағазға бөлінген қаржыға кәсіпкер тарапынан 100 даналық бумалар әкеліп берілген. Германияда қойылатын талаптарда экологиялық артықшылықтар да ескеріледі.

Осыған байланысты, жиі сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер техникалық сипаттамаларын дайындап, оларды біріздендіріп, цифрландыру ұсынылады.

Өз ретінде АҚШ-та арнайы «контрактный офицер» лауазымы бар, ол осы саладағы кәсіби маман ретінде жұмыс жасайды.

Сондықтан, елімізде мемлекеттік сатып алуды жүргізетін мамандар пулын қалыптастыру – жұмыс сапасын қамтамасыз етеді деген пікірдемін.

Тәжірибеде кәсіпкерлердің тауарды жеткізгендігіне байланысты жауапкершіліктен босатылуы жағдайлары жиі кездеседі. Бұл облыста судьялармен тауар кешіксе де әкелінді делініп, жиі қолданылатын үрдіс.

Норвегияда тендерге қатысуға өтінімнен сатып алу пәні болып табылатын тауар, жұмыс не қызметке қатысты немесе қаржылық құқық бұзушылықтарға байланысты әрекеттер үшін бас тартылуы мүмкін.

АҚШ-та да кәсіпкерліктің адалдығына қатысты кейбір мәселелер бойынша қосымша ақпарат, соның ішінде міндеттемелерді орындамау немесе белгілі бір негізде бұзылған келісімшарттар, федералды келісімшарттарға қатысты қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік процестер туралы ақпарат және мердігердің сенімсіздігі туралы бұрынғы пікірлер FAPIIS (Federal Awardee Performance and Integrity Information System) Федералдық Тапсырыс алушылардың қызметі мен адалдығы туралы ақпарат жүйесінде сақталады.

Қорытынды: жасалған тұжырымдар негізіндегі ұсыныстар


Ағымдағы проблемалық мәселелерді оңалтып, тиімді ЖӨБО мемлекеттік сатып алулар жүйесін қалыптастыруда қолданыстағы заңнамамен веб-портал функционалы келесі өзгерістерді қажет етеді:

1) Қолданыстағы заңнамада тапсырыс берушінің бөлінген бюджет көлемінен аспайтын шеңберде тауарлар мен жұмыстарға және қызметтерге бекітілген бюджеттік өтінімдегі бағаны өзгертуге мүмкіндік қарастыру әрі бюджеттік өтінімді әзірлеуші мамандардың кәсіпкерлерден коммерциялық ұсынымдар алуы нәтижесімен нарыққа бейімделмеген бағаларды жоспарлауының алдын алу мақсатында веб-портал функционалында жүйелі түрде жаңартылып отыратын прайс парақтар мен бағалар ұсынымын қалыптастыру міндеттілігін көздеу.

Ұсынылатын Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге жеткізушілердің өзектендірілген коммерциялық ұсыныстары болатын веб-порталдың функционалына өзгерістер енгізу арқылы бағаларды қалыптастыру әдістемесін жетілдіру.

Бұл ретте, қолданыстағы заңнаманың нормаларында Тапсырыс берушінің бөлінген сома шегінде өзгерістер енгізу құқығын көздеу.


Осылайша, бағалар жеткізушілердің деректері негізінде қалыптасады, бұл сәтсіз сатып алулар мен негізсіз көтерілген бағалардың санын азайтады (Сурет 5).



Сурет 5 – Бюджеттік өтінімдегі бағаны нарыққа бейімдеу құрылымы

Ескертпе – Автормен [5] қайнаркөз негізінде жасақталған

2) Бір көзден сатып алу негізін тапсырыс берушінің кем дегенде үш баға ұсынысынан тұратын бәсекелестік ортаны қалыптастыруымен айқындау (Сурет 6).



Сурет 6 – Тікелей бір көзден сатып алуды жүзеге асыру тізбегі

Ескертпе – Автормен [3] қайнаркөз негізінде жасақталған

3) ЖӨБОмен жиі жүргізілетін сатып алулардың үлгілік техникалық ерекшеліктерін жасақтау. Бұл ретте, стандарттарды жауапты мамандар іздеп, уақыт кетірмес үшін әрі аталған стандарттардың ақылы сәйкесінше қаражат бөлінбегендігін ескеріп, КТРУды жасақтауда автоматты түрде жаңартылатындай жасақтау ұсынылады. Әрине бұл үшін бірыңғай оператор, стандартизациялау органдары арасындағы ықпалдастық қамтамасыз етілуі қажет.

Сондықтан, сатып алу КТРУына немесе үлгілік техникалық ерекшелікті жасақтау барысында тиісті стандарттың көзделуін бекіту.

4) Электронды депозитарийдағы жұмыс тәжірибесін растау функциясын құрылыс саласындағы уәкілетті органға беру, веб-портал арқылы анық емес ақпаратты бұғаттауын қарастыру.

5) жұмыс тәжірибесіне қатысты мәліметті енгізерде сәйкессіздік және жалған мәлімет ұғымдарының заңдылықпен айқындалмауы мердігердің жауапкершіліктен құтылуына жағдай туғызатындығы себепті:

- барлық дерлік жобалау-сметалық құжаттама мен олар бекітілетін сараптамада жауапкершілік деңгейі, функционалдық мақсаты, күрделілік деңгейі туралы мәліметтің анық көрсетілуі жұмыс тәжірибесін растауға толық мүмкіндік берер еді;

- барлық қосылған, біріктірілген жұмыс тәжірибелері бойынша қайта тексеріп шығу, E-GOV жүйесі арқылы интеграция көмегімен автоматты түрде қайта ұйымдастырылған мекемелерді анықтау мүмкіндігін қарастыру.

6) Веб-порталда бар сатып алу бойынша ақпараттың екінші мәрте енгізілместен, автоматты түрде, нысан бойынша шарттық міндеттер орындалысымен, электрондық депозитарийге енгізілуі.

7) Заңнамалық тұрғыдан жеңімпазды іріктеудің автоматты критерийлерінде сатып алуға қатысушының «теріс тәжірибесі» болған жағдайда тиісті жеңілдік критерийлерін азайту түріндегі шараларды бекіту.

Қаржылық құқық бұзушылықтарға байланысты әрекеттері, соның ішінде міндеттемелерді орындамау немесе белгілі бір негізде бұзылған келісімшарттар, қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік процестер туралы ақпарат және мердігердің сенімсіздігі туралы бұрынғы пікірлер негізінде «теріс қызмет» критерийінің қалыптастырылып, веб-порталда автоматтандырылуы.


Атап айтқанда, бұған дейінгі жүзеге асырған шарттық міндеттемелері шеңберінде уақытылы немесе тиісті орындамағаны туралы веб-порталға дәлелдеме құжаттары ілінуі негізінде осындай әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың шартты жеңілдігінің жалпы сомасының нөл бүтін оннан бір пайызын (0,1%) автоматты түрде алып тастау туралы норманы бекіту қажет.

8) Салада білікті және кәсіби мамандарды қалыптастыру үшін елімізде мемлекеттік сатып алуды жүргізетін мамандар пулын қалыптастыру.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алуға жауапты мамандардың әртүрлі күмәнді оқу орталықтарынан біліктілік арттыру курстарынан өтуі себепті, қызмет барысында тиімділіктің болмауы жағдайлары орын алатындықтан, тапсырыс берушінің бірінші басшысының жеке дара жауапкершілігін белгілеу.

9) Отандық тауар өндірушілерді қолдау, олардың арнайы тізбесін жасақтап, сатып алулардағы индустриалды сертификатсыз жүзеге асырылатын қосымша қолдау тетіктерін қарастыру.

Яғни, аталған шараға қосымша іс жүзінде аталған көлемнен асып кетсе де, бір сертификатты қолдану жағдайлары жиі кездесетіндігін ескеріп, жергілікті қамтудағы формальдылықтың алдын алу мақсатында Кәсіпкерлер палатасымен өзара интеграциялау жұмыстарын жүргізу арқылы аталған сертификаттарды автоматты түрде жүктеп, есепке алуды қарастыру (Сурет 7).



Сурет 7 – Отандық жеткізушілерге қолдау көрсету тетіктері

Ескертпе – Автормен шетелдік тәжірибе негізінде жасақталған

10) веб-порталдың статистикалық ақпаратты жасақтау кешенінде электронды дүкен, негіздемелік келісімдер сатып алулары бойынша мәліметтерді қалыптастыру қарастырылмаған, нәтижесімен, аталған тәсілдер бойынша тиімділік көрсеткіштерін бағамдау мүмкін емес, тиісінше осы бағытта функционалды жетілдіру.

Мұнымен бірге, веб-порталда туындаған іркілістер бойынша ақпарат жеткіліксіздігі, кейде мәселені шешу уақытының ұзартылғанын тек бірнеше мәрте телефон шалу нәтижесімен ғана білуге мүмкіндік бар, осы процесті автоматтандырып, мәселенің шешлуіне қатысты сұрау салушыға жолданымның кетуін қарастыру.

11) Шағымдану сатысының Қаржы министрлігінің органдарымен өзара келісілген түрде бірінен кейін бірі емес, бірлесе, сатылап қаралуы арқылы ұйымдастыру; ҚР ӘРПК сәйкес апелляциялық сатыдағы сот шешімінің күшіне енуін немесе кассациялық сот тәртібімен істерді қарау мерзімін қысқарту.

12) ЖӨБО мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі қарапайым және түсінікті болуға тиіс.

Осыған байланысты, сатып алудың көптеген түрлерінің орнына сатып алудың тек шекті сомаларына сәйкес анықталатын сатып алудың екі әдісін ғана қарастыру ұсынылады.

Осылайша, автоматтандырылған тәсілдермен жүзеге асырылатын жеңілдетілген тәртіпті пайдалану мүмкіндігі болады, негізгі критерийлер, мұны сарапшылар да нақтылап отыр:

- бір көзден белгілі бір АЕК-ке дейін;
- конкурс РБС-қа ұқсас, онда біліктілік талаптарына сәйкестігін автоматты тексеру;
- салық түсімін ұлғайту және жұмыссыз адамдардың санын азайту мақсатында жергілікті жеткізушілерді қолдау;
- жаңадан жасақталатын жүйе ережелері тек қана ЖӨБО ғана емес, оларға бағынысты мекемелердің сатып алуын қамту тиіс;
- жергілікті қоғамдастықтың мемлекеттік сатып алу шеңберінде шешімдер қабылдауға қатысуы. ЖӨБО туралы жаңа заңнама шеңберінде жергілікті тұрғындар арасында кеңес құру көзделген.

Сонымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелері ЖОБАСЫНЫҢ келесі талаптарды қамтуы ұсынылады:

1. ЖӨБО мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелері (*бұдан әрі - Ережелер*) аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары сатып алулары үшін әзірленеді.
2. Бұл Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамаға және Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Аудандық маңызы бар қалаларды, ауылдарды, кенттерді, ауылдық округтерді және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының мемлекеттік сатып алуды жоспарлауы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер енгізу саны бойынша шектеулерді көздейтін мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптары осы Ережелерде көзделген сатып алуға қолданылмайды.

4. Әлеуетті өнім беруші ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 6-бабында көзделген шектеулер болған жағдайда өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы емес.

5. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында) мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастыруға міндетті:

- тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігінің алдын ала жобасы (үлгілік техерекшелікті толықтыру не өзгерту жолымен);

- жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттама техникалық ерекшеліктің жобасын, белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы және оның ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын қамтиды. Бұл ретте мұндай мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс.

- орындалатын жұмыстардың кіші түрлерін көрсете отырып, жұмыс сметасы болған жағдайларда.

Бұл ретте, конкурстық құжаттамада тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ, егер мұндай нұсқау сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын болса, өзге де сипаттамаларға нұсқаулардың мазмұнына жол берілмейді. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мынадай жағдайларын қоспағанда:

1) негізгі (орнатылған) жабдықты, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді) толық жинақтау, жаңғырту және жете жарактандыру үшін;

2) тауарды лизингке беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді берушіні айқындау және лизинг нысанасын егжей-тегжейлі сипаттау қажеттілігінің туындауы үшін;

3) тапсырыс берушіде бар тауарды (жабдықты) жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету үшін;

4) жергілікті тауар өндірушілерді қолдау үшін.

6. Техерекшеліктегі талаптарға ескертулер қабылданбаған жағдайда, бұл туралы олардың қабылданбау себептерін негіздеу жылдық жоспарда сатып алу жарияланғанға дейін жасалады.

Әлеуетті өнім берушілердің түсіндіру туралы сұрау салулары келіп түскен кезде түсініктеме мәтіні веб-порталдағы Ескертпе ұяшығында көрсетіледі.

Мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу;
- 2) конкурс.

Тапсырыс беруші Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін айқындау кезінде осы тәртіпке сәйкес не Заңда көзделген тәсілдерді қолдану туралы шешімді қабылдауға құқылы.

7. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу, егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі құндық мәнде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жүзеге асырылады.

8. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға жергілікті тұрғындардан құралатын қауымдастық – Кеңеспен келісе отырып қабылдайды.

9. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады.

10. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылмайтын сатып алулар тапсырыс беруші тіркелген аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің шекараларында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан әлеуетті өнім берушілер арасында жүзеге асырылады.

Конкурсты жүзеге асыру барысында мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылып, автоматты түрде зерделейтін келесі біліктілік талаптарын қамтиды:

құқық қабілеттілік (арнайы рұқсат құжаттар және т.б.);

жаңартылуы әлеуетті өнім берушінің міндеттелігі болып табылатын, арнайы салық және әлеуметтік қамсыздандыру органдарының ақпараттық ресурстары арқылы автоматты түрде жүктеліп отыратын материалдық және еңбек ресурстары;

ұсынылатын ТЖҚ туралы ақпарат, коммерциялық ұсынымдар, инновациялық шешімдер;

тапсырыс берушімен соңғы үш жыл көлемінде жасасқан шарттар негізінде шарттық міндеттемелерін адал орындауы: автоматты түрде тапсырыс берушімен шартты орындау сатысында веб-порталда қалыптастырылады;


жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға қосатын үлесі бойынша ұсыным.

ЖӨБО мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жаңа ережелерінде тұрғылықты тұрғындардан жасақталатын кеңеске мемлекеттік сатып алу процестеріне жоспарлаудан бастап тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қабылдау сатысына дейін қатысу бойынша өкілеттіктер беру ұсынылады.

Бұл өкілеттіліктерді беру қауымдастықтың жалпы жиналысында қалыптасуы тиіс деп тұжырымдалады.

Қажеттілігіне қарай, оның Үлгілік Ережесін бекіту ұажеттілігі нақтыланады.

Сараптамалық сұхбатқа қатысқан ауылдық округтердің әкімдері бұл ұсынысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және жергілікті тұрғындардың өңірді дамытуға қатысуы тәсілі ретінде қолдады (Сурет 8).



Сурет 8 – ЖӨБО мемлекеттік сатып алу жүйесінің құрылымына талдау

Ескертпе – Автормен жасақталған

«Кейбір заңнама актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңнамасының жобасына және мемлекеттік сатып алу веб-порталы функционалын жетілдіру бойынша салыстырмалы кесте
(магистрлік жоба шеңберінде)

№	Құрылымы	Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	Негіздеме
1	2	3	4	5
Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығы				
1	81-тармақ	Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдаудың және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына және бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу тиімділігін бағаналаудың нәтижелерін ескере отырып: 1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, аумақтарды дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына, бюджеттік бағдарламалар жобаларына және қолданыстағы заттай нормаларға сәйкес келуі тұрғысынан қарайды, бұл ретте бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде, сондай-ақ әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар түрлері бойынша есептеу кезінде бағандар ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге белгіленген бағаналар дерекқоры пайдаланылады. Бұл ретте, бір дана қарастырылған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге белгіленген бағаналар дерекқоры пайдаланылады. Бұл ретте, бір дана қарастырылған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге нақтылы орташа бағаны асып түспейтын бағаналар дерекқорында бағанаға бағандарланған. Бағаналар дерекқорында жоқ болған жағдайда,	Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдаудың және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына және бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу тиімділігін бағаналаудың нәтижелерін ескере отырып: 1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, аумақтарды дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына, бюджеттік бағдарламалар жобаларына және қолданыстағы заттай нормаларға сәйкес келуі тұрғысынан қарайды, бұл ретте бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде, сондай-ақ әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар түрлері бойынша есептеу кезінде бағандар ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге белгіленген бағаналар дерекқоры пайдаланылады. Бұл ретте, бір дана қарастырылған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге нақтылы орташа бағаны асып түспейтын бағаналар дерекқорында бағанаға бағандарланған. Бағаналар дерекқорында жоқ болған жағдайда, жоспарланған шығыстарды негіздейтін құжаттар (шарттардың көшірмелері, прайс-парақтар, мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастырылған әліуегті кнім берушілердің коммерциялық ұсынымдары) пайдаланылады;	<i>Бағаны жоспарлау барысында негізсіз төмен не жоғары бағаға жоспарлау жағдайларының алдын алу, бухгалтер-жоспарлаушылардың кәсіпкерлерге прайстарды сұрату бойынша жағдай айту көріністерін болдырмау.</i>

		жоспарланған шығыстарды негіздейтін құжаттар (шарттардың көшірмелері, прайс-парақтар) пайдаланылады;	
--	--	--	--

кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы				
2	41-баптың 1-тармағы	Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру 1. Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.	Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру 1. Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу веб-портал арқылы рәсімделетін кемінде үш әлеуетті өнім берушінің коммерциялық ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.	<i>Заңдылықта тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алудың ерекше жағдайларда жүзеге асырылатындығы сөзделгенімен, олардың критерийлері бекітілмеген, тиісінше бұл заңнама нормаларын әртүрлі түсінуге әкеліп, бұзушылықтарды тудыртуда.</i>
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы				
3	289-5-тармақ	Егер әлеуетті өнім берушінің орындауында ағымдағы қаржы жылында жасалған шарт болса, веб-портал әрбір осындай шарт үшін осындай әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың шартты жеңілдігінің жалпы сомасының нөл бүтін оннан бір пайызын (0,1%) автоматты түрде алып тастайды.	Егер әлеуетті өнім берушінің орындауында ағымдағы қаржы жылында жасалған шарт болса веб-портал әрбір осындай шарт үшін және оның бұған дейінгі жүзеге асырған шарттық міндеттемелері шеңберінде уақытылы немесе тиісті орындамағаны туралы веб-порталға дәлелдеме құжаттары ілінуі негізінде осындай әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың шартты жеңілдігінің жалпы сомасының нөл бүтін оннан бір пайызын (0,1%) автоматты түрде алып тастайды.	<i>Шарттық міндеттемелерді адал орындамау тәуекелдерінің алдын алу мақсатында</i>
Мемлекеттік сатып алу веб-порталы функционалы				
4	Жылдық жоспар бөлігі	қарастырылмаған	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары тармақтарын техерекшелікті жүктеу орнымен толықтырып, оған сұраулар мен ескертпелер беру функционалын жасақтау	<i>Сатып алудың техерекшелігін оны жарияламай тұрып талқылау арқылы, уақытты үнемдеу</i>

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000360> (жүгіну күні: 15.03.2023).
2. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы және 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдаулары. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (жүгіну күні: 23.02.2023).
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылдың 24 қарашасындағы Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы № 511 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14E0010007> (жүгіну күні: 28.02.2023).
4. Отчет о реализации Плана развития Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции на 2020–2024 годы, утвержденного приказом Председателя Агентства от 30 декабря 2020 года №441 Период отчета: 2022 год <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/429541?lang=ru> (жүгіну күні: 02.03.2023).
5. Мемлекеттік сатып алу веб-порталы <https://goszakup.gov.kz> (жүгіну күні: 29.04.2023).
6. Қызылорда облысы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасы ақпараты <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/about/structure/departments/leadership/11656/1?lang=kk>.
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem/documents/details/438973?lang=kk> (жүгіну күні: 07.04.2023).
8. Пошта туралы Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 498-V Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000498#z5> (жүгіну күні: 29.03.2023).
9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы Рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы № 46 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026605> (жүгіну күні: 23.02.2023).
10. <https://wiselawyer.ru/poleznoe/100817-pravovoe-regulirovanie-publichnykh-zakupok-kompanij-gosudarstvennym-uchastiem>;
11. <https://science-education.ru/ru/article/view?id=10849>;
12. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38178954&pos=6;-106#pos=6;-106;
13. <https://articlekz.com/article/17777>;
14. <http://dnevniknauki.ru/images/publications/2022/4/economy/Goldaeva.pdf>;

15. <https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=40224>;
16. <file:///C:/Users/Admin/Downloads/analiz-effektivnosti-osuschestvleniya-munitsipalnyh-zakupok-organami-mestnogo-samoupravleniya.pdf>;
17. <https://mitpress.mit.edu/9780262691826/whither-socialism/>;
18. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=48645628>;
19. <file:///C:/Users/Admin/Downloads/institutsionalnye-i-organizatsionnye-osnovy-otkrytosti-gosudarstvennyh-zakupok.pdf>
20. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылдың 11 желтоқсанындағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012590> (жүгіну күні: 09.02.2023).
21. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылдың 30 қарашасындағы Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы №598 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012599> (жүгіну күні: 09.02.2023).
22. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №521 бұйрығымен бекітілген Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1900018768/01.07.2020> (жүгіну күні: 23.02.2023).
23. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350> (жүгіну күні: 15.02.2023).
24. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Қазақстан Республикасының Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (жүгіну күні: 15.02.2023).
25. Kristensen H. S., Mosgaard M. A., Remmen A. Circular public procurement practices in Danish municipalities //Journal of Cleaner Production. – 2021. – Т. 281. – С. 124962. <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S095965262035006X>;
26. Adusei C. et al. Implementation challenges of the public procurement act by selected metropolitan, municipal and district assemblies in the Ashanti Region, Ghana //iBusiness. – 2015. – Т. 7. – №. 01. – С. 39. https://www.scirp.org/html/5-8601378_54476.htm;
27. Международный опыт построения системы госзакупок <https://bujet.ru/article/46008.php>.

